# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# ШЕШІМ

2023 жылғы 20 қазандағы №2713-23-00-2/2372 Орал каласы

Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Хайруллина У.Е.
азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап,

**ТАЛАП КОЮШЫ:**
«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Қазталов ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекеме

**ЖАУАПКЕР:**
«БАЙКЕН» Усенбаева Асель Бакытбековна жеке кәсіпкер

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және 6284 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>**

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қою қанағаттандырылсын.

«БАЙКЕН» Усенбаева Асель Бакытбековна жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«БАЙКЕН» Усенбаева Асель Бакытбековна жеке кәсіпкерінен (ЖСН 911108400630) мемлекет пайдасына 6284 (алты мың екі жүз сексен төрт) теңге тұрақсыздық айыбы және 1914 (бір мың тоғыз жүз он төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз,

егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

**Судья** **Хайруллина У.Е.**

Құжатқа қол қойылған: Хайруллина У. Е., 20.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 04.12.2023, судья Хайруллина У. Е., 05.12.2023

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ - Сот өндірісі - ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» - Судопроизводство -



2713-23-3-1/2601